




03.06.2019ж

«КАЗКОМСЕРВИС» ЖШС № 06 ЖАҢАЛЫҚТАРЫ




# «КАЗКОМСЕРВИС» ЖШСНЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ





# Рамазан айы - жомарттық пен мейірімділік айы



**Осы Қасиетті Рамазан айында КазКомСервис компаниясының басшысы көмекке мұқтаж жандарға, көп балалы отбасыларға көмек көрсетті - олар балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған, отбасында мүгедек балалары бар аналар.**

**Компанияның барлық қызметкерлерінің атынан басшымызға зор алғысымызды білдіреміз!!!!**

**Сондай-ақ, компания құрылтайшысы ККЖ-ға тартылған қызметкерлердің атқарылған жұмыс қорытындысы бойынша бірінші тоқсан үшін сыйақы алуға билік етті, бұл біздің компания қызметкерлерінде жағымды эмоциялар тудырды.**

03.06.2019ж

«КАЗКОМСЕРВИС» ЖШС № 06 ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



## ЕҚ ЖӘНЕ ҚЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

# «Қауіпсіздік Күні»

2019 жылдың 02 маусымда "Казкомсервис" ЖШС-де «Қауіпсіздік Күні» ай сайынғы іс-шарасы өткізілді, бұл іс-шараға ККЖ басшылығы келді, атап айтқанда Марк Урфер, Дэйв Краузер, Майкл Льюис. Кезекті рет Қауіпсіздік Техникасы мен Қауіпсіз Еңбек Мәдениетін бір ай бойы сақтай отырып, жұмыс істеген қызметкерлер марапатталды.

2019 жылдың сәуір айының қорытындысы бойынша келесі қызметкерлер сыйлықтар алды: Жаппасбаев Адиль, Воробьев Олег, Туяков Айбек, Султанов Руслан, Дарибаев Асланбек. ККЖ жоба басшылары алғыс білдіріп, блютуз құлаққаптар, сөмкелер, рюкзак және термостар сыйлық ретінде табыстады.



## **ӨНДІРІС ЖАҢАЛЫҚТАРЫ**

*"Казкомсервис" ЖШС жүргізетін жұмыстардың бірі - электромонтаждық жұмыстар, атап айтқанда қосалқы станциялар мен 35 кВ, 110 кВ кернеулі электр желілері.*

*Тәжірибелі және білікті қызметкерлер құрамы арқасында 30 металл және 3 темірбетон тіректерден тұратын жоғары кернеулі 110 кВ L154 және L155кВ электр беру желілерін монтаждау аяқталды және 2018 жылдың қараша айының ортасынан бастап пайдалануға берілді. Қазіргі уақытта бұл учаскелерде ескі желілерді демонтаждау жұмыстары жүргізіліп жатыр.*

*Сондай-ақ, ВЛ 110кВ L177 және L178 желілерінде 27 металл және 30 темірбетон тіректер орнатылды. 35кВ L57С және L58С желілерінің құрылысы да бірталай еңбекті қажет етті: 69 металл және 52 темірбетон тіректер орнатылды. ВЛ 110кВ L173Т учаскелерде 3 металл және 2 темірбетон тіректер орнату жұмыстары аяқталды. Сонымен басқа жаңа 110кВ L171, L176, L156, L157 – 4 металл тіректер орнатылды, L187, L188. электр беру желілеріндегі жұмыс жалғасуда.*

*Тіректерді орнатудың күрделі технологиялық процесіне қарамастан, "Казкомсервис" ЖШС қызметкерлері қауіпсіз және сапалы жұмыстар арқылы барлық міндеттер мен талаптарды орындай алды.*



03.06.2019ж

«КАЗКОМСЕРВИС» ЖШС № 06 ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



## Экология



**ТЕНГИЗ – біз мұнда орасан құрылыс жүріп жатқанын бәріміз білеміз, бірақ сіз қалай ойлайсыз, құстардың қайда ұшуға таңдауы бар ма олар қайда ұя жасайды? Әрине – жоқ!!! Сондықтан біз оларды ренжітпеу үшін бәрін жасаймыз, қамқорлық көрсетеміз. Сондай-ақ, біздің L177/178 #51 учаскеде құстар ұшып келіп, ұя дамыды. Біздің компанияның экологтары осы фактіге бірден жауап беріп, ұшып келген қонақтарды қауіпсіздендіру үшін шаралар қолданды. Балапандар бекітпегенше және өз бетінше ұялардан ұшып кеткенше.**



03.06.2019ж

«КАЗКОМСЕРВИС» ЖШС № 06 ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



## ЕҚ ЖӘНЕ ҚЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



22.05.19. 110кВ фотосуретте компанияның құрылтайшысы Культекенов К.К. Бижанов Ж-ға алғыс хат беруде



22.05.2019г. Фотосуретте біздің қызметкерлер ККЖ өкілдерімен шәй ішуде



22.05.19. 110кВ фотосуретте компанияның құрылтайшысы Культекенов К.К. Ақботаев Д-ға алғыс хат беруде



22.05.2019г. Фотосуретте компанияның құрылтайшысы Культекенов К.К., CHEVRON өкілдері және ККС қызметкерлері.

110 кв L-171 учаскеде CHEVRON өкілдерімен, компанияның құрылтайшысы Культекенов К. К. қатысуымен ҚЕМ аралауы өтті. Мұндай ҚЕМ аралау 2019 жылғы мақсаттарында жоспарланған. Осы ҚЕМ аралауында біздің қызметкерлеріміз жоғары Басшылықпен еркін жағдайда әңгіме жүргізу мүмкіндігіне ие болды, сұрақтар қойып, қойылған сұрақтарға толық жауап алды, бұл кездесу барысына оң әсер етті. Кездесу барысында бірнеше қызметкерлерге алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табыс етілді, айналымнан кейін қатысқан қонақтар мен жұмысшылар учаскедегі шайханаға барды. Осындай кездесулер қатардағы қызметкер мен басшыларды жақындастыратынын атап өткім келеді.

## ҚЕМ БЕЛСЕНДІЛЕРІ



Накыпбеков  
Бауыржан



Рахманов  
Алтынбек



Аянов  
Талгат



Юрьев  
Григорий



Трайснаев  
Серик

## КазКомСервис

### белсенділерімен танысу



Накыпбеков Бауржан Кенжеболатович 3.07.1994 жылы туған. Ақтөбе облысында Ақтөбе қаласында дүниеге келген және өскен.

Нұрсәуле есімді сұлуға үйленген, олардың екі тамаша қызы бар, үлкені Еркежан екіде және кішісі Аяна 4-ші қыркүйекте 1 жасқа толады.

Қазкомсервис компаниясында Бауыржанның әкесі Кенжеболат пен анасы Толқын жұмыс істейді.

Әр жолы өз ұлын сайттан көріп, Бауыржанның әкесі әріптестеріне ұлы ҚЕМ Белсендісі екенін мақтанышпен айтады. Ол ұлының әрдайым әріптестеріне көмек көрсететінін және жұмысқа жауапкершілікпен қарайтынын біледі.

Бұл жолы да сайтына CHEVRON өкілдерімен КазКомСервис компаниясының Құрылтайшысы Күлткенов Қайыржан Климентьевич келген кезде, Бауыржан қонақтарды лайықты қарсы алып, құрмет көрсетті. Сол кезде түнде жұмыс істегеніне қарамастан, ол ҚЕМ аралауында бізбен бірге жүрді. Бизнес серіктестердің басшыларының Қауіпсіз Еңбек Мәдениетіне БЕЙІМДІЛІГІ БОЙЫНША жиналыстарға бірнеше рет қатысты, онда жұмыс процесін жақсарту үшін ұсыныстар енгізді. Сіз бұл ақпаратты неге қажет деп ойлайтын шығарсыз? Біз әрбір адам біздің ҚЕМ Белсенділерімізге сенім білдіре алатындығын қалаймыз, өйткені олар тек Волонтерлер ғана және сіздің қабылдауыңыздаң басқа ештеңе алмайды. ҚЕМ белсендісі ол қатардағы жұмысшылар мен басшы арасындағы көпір. Біз мұнда ақша табу үшін, оған қоса туған-туысқандарымызға және жақындарымызға аман-есен оралу үшін жүргенімізді есте сақтайық.

Сізге ұнады ма бұл тақырып? Сіз Белсенді Бауыржан туралы жаңа нәрсе білдіңіз бе? Онда келесі шығарылымда біз сізге келесі Белсенді туралы айтамыз.



## ККЖ СУЭ Қауіпсіздік Күні

ККЖ СУЭ Қауіпсіздік Күні ТШО аумағында 6 қазан 2019 жылы өткізіледі. Бұл жақсы жаңалықпен ЕҚ Менеджерлерінің кезекті жиналысында ККЖ СУЭ ЕҚ менеджері Майкл Льюис бөлісті, ол мереке қалай өтетіні туралы айтып берді.

Сыйлықтар, дәмді тағамдар және көптеген пайдалы ақпарат болады. Әрбір мердігер компания оларға бөлінген учаскеде палаткаларды орналастырады, онда Компания немен айналысатынының макеттері болады.

Мерекеге қатардағы қызметкерлерден компания Басшысына дейін барлығы қатысады. Тағы бір маңызды мәселе - бұл жылына бір рет өткізілетін іс-шара. Аталған іс-шараның егжей-тегжейін бізге іс-шара күніне жақынырақ хабарлайды. Бұл күнді асыға күтеміз!!!



22.05.2019г. ҚЕМ координаторларының кезектен тыс жиналысында Казкомсервис ҚЕМ координаторы Маржан ККЖ СУЭ ҚТ бөлімінің супервайзерінен алғыс хат алды.

